

MPHTI:14.01.11

П.М. Махашова<sup>1</sup> (orcid-0000-0001-8967-6282),  
Ш.Т. Турдалиева<sup>2</sup> (orcid-0000-0000-7296-5221),  
Д.К. Қазыкеев<sup>3</sup> (orcid-0000-0001-8967-6282)

<sup>1</sup>аға оқытушы, <sup>2</sup>псих. ғыл. канд., доцент, <sup>3</sup>магистрант  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

E-mail: [mahashova1964@mail.ru](mailto:mahashova1964@mail.ru), [chopik\\_74@mail.ru](mailto:chopik_74@mail.ru), [diki707@bk.ru](mailto:diki707@bk.ru)

## БОЛАШАҚ КӘСІБИ МАМАННЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аннотация.** Зерттеу мақсаты болашақ маманның бойына құзыретті, шығармашыл, ойлау қабілеті жоғары, рухани тұрғыдан дамыған, қабілетті жаңашыл, креативті тұлға қалыптастыру.

Мақалада кәсіби маманның өзіндік шығармашылық құзыреттілігі- парадигма негізінде ұйымдастырушылық қабілеті, зерттеу шарттары, интерактивті әдістерді жетілдіруге бағытталған.

Студенттердің интеллектуалдық, креативтілік мүмкіндіктерін дамытуға арналған тәжірибелер-іскерлікті, ізденісті, шығармашылық жұмыстарың тиімділігін арттырады.

Ғылыми жаңалығы: құзыреттілік потенциалын дамытуға арналған бірнеше жаттығуларды орындау барысында студенттердің белсенділігі артып, өзіндік мақсаттарды айқындауына үлкен мүмкіндік береді. Қосымша ақпараттар мультимедия, электрондық оқулықтарды қолдана отырып, әр сабаққа жаңалық енгізуге, жұмыс тиімділігін арттыруға негізделген, аудиторияда гармоникалық атмосфераны құру жағдайларына көп көңіл бөлу қолға алынды.

Зерттеу нәтижесінде тест, сауалнама жүргізу барысында студенттердің интеллектуалдық, креативтілік белсенділікке, бейімделгендігі байқалады. Талаптарға сәйкес жинақтаған білімін өз тәжірибелерінде жүзеге асыра алады.

**Тірек сөздер:** Мультимедиялық, электрондық оқулықтар, виртуалдық, парадигма, интерактивті әдістер, креативтілік, құзыреттілік.

**Кіріспе.** Оқу орындарындағы білім беру жүйесі жоғары деңгейге көтерілу үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың заманауи технологияларды қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, өзін дамытатын болашақ маманды қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде [1].

Осы орайда, білім беру саласы дүние жүзілік білім деңгейіне және жоғары дәрежеге жетуге ұмтылуда. Оқу үдерісінде нәтижеге жету механизмі Болондық процестің өлшемдерін орындау болып табылады. Сондықтан, жоғары педагогикалық оқу орындарында инновациялық білім мен технологияны меңгерген, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан, кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, рухани тұрғыдан дамыған, қабілетті жаңашыл жаңа тұрпатты педагог даярлау мәселесіне көп көңіл бөледі.

Мұғалімнің өзінің инновациялық білім көтеруі педагогикалық құндылықтар, технология, шығармашылық тәжірибелерді игеруі жан-жақты

қарастырылады. Оның мазмұны жаңа білімнің, ғылыми ұйымдастырудың негіздерін, жалпы педагогикалық іскерлікті қамтиды. Болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастыру барысында білім берудің барлық деңгейлерін интенсификациялау үшін педагогикалық жаңа технологияларды қолдану қолға алынып жатыр.

Заманауи технологияларды игерудің негізгі ерекшеліктері пәндерді игеруде мақсаттардың жүзеге асырылуына бағытталуы қажет. Инновациялық үрдісті басқаруда жалпыға бірдей міндетті білім беру мақсаты, мазмұны есепке алынып құрылуы тиіс. Білім беруде болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастыру мына себептерге байланысты. Адамзат қоғамының бүгінгі даму қарқыны бүкіл дүние жүзілік білім беру кеңістігінде өзара озық тәжірибемен бөлісуді талап етеді.

XXI ғасырдағы білім беру мәселелері бойынша Жак Делор білім беруге негіз болатын төрт негізгі құзыреттіліктерді атап өтті.

- танып білуге үйрену;
- істеуге үйрену;
- бірігіп өмір сүруге үйрену;
- өмір сүруге үйрену;

Таубаева Ш.Т еңбегінде - қазіргі ғылыми педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде білім берудегі құзыреттілік, креативтілік мәселелері жан-жақты талқылануда. Осыған орай; ЖОО бітіруші жас мамандардың білімділік деңгейіне байланысты қойылатын талаптар мына төмендегідей:

1. Жалпы білімдеріне қойылатын талаптар.
2. Әлеуметтік-этикалық құзыреттілігіне қойылатын талаптар.
3. Кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар.
4. Әлеуметтік мобильдігіне қойылатын талаптар [2].

Педагогикалық зерттеудің нәтижелерін тәжірибеге енгізу үшін қызметкерлер алынған нәтижелермен арнайы танысады, оны іске асыруды, сол сияқты осы негізде ғылыми зерттеу нәтижесін тәжірибеде қолдануға деген қажеттілігі анықталғандығы жайында В.Е. Гурман, В.В. Краевский, П.И. Керташева, М.Н. Скаткин және басқа ғалымдардың арнайы еңбектерінде атап айтылған. Мамандар тарапынан жедел әдістемелік көмек көрсету арқылы бұл ғылыми ұсыныстарды іске асыру әдістері мен тәсілдерін игеруге болады.

**Зерттеу шарттары (бастапқы материалдары) мен әдістері.** Зерттеуге байланысты мақалада педагогикалық-психологиялық шығармашылық оқыту тәсілдерін енгізудің нәтижесі- студенттердің интеллектуалдық, креативтілік мүмкіндіктерін дамыту арқылы университеттердің тәжірибелерін зерделеу болып табылады. Студенттердің іскерліктері әр түрлі тараулар мен тақырыптар бойынша, ізденіс, шығармашылық бағытта орындалатын басқа да жұмыс түрлері, дайындалған тірек кестелерін орындау барысында кәсіби құзыреттілікке бейімделеді.

Осыған байланысты қазіргі пәндер бойынша шығармашылық жұмыстың көптеген түрлері, басқару психологиясына кіріспе, педагогикалық-психологиялық ситуацияны шешу, сұрақ-жауап, ойын формаларын беру, оларды іс жүзінде қолдануға үйрету өз нәтижелерін беруде.

Әсіресе, оқу сабақтарында оқытудың модульдік технологиялары бойынша ұйымдастырылған ойын түрлерін шебер ұйымдастыру студенттерді шығармашылыққа, білімқұмарлыққа жетелейді [3]. Болашақ мұғалімнің

кәсіби дидактикалық құзыреттілігінің мазмұнын, әдістемелерін, оқытуда қолданылатын заманауи технологияларды толық меңгерумен жүзеге асырылады. Сонымен қоса, сабақ жүргізу барысында мультимедиялық оқулықтарды қолдану арқылы студенттердің белсенділігін арттыруға болады. Мультимедияны қолдану аясында вертуальдық шындық жүйесі енеді. Вертуальды шындық-бұл жаңа ақпараттық технологиялар жүйесі.

Интерактивті әдістерді қолдану барысында болашақ педагогтың ізденісіне негіз болатын инновацияны қалыптастыру мына төмендегідей:

- Студенттердің құзыреттілігін қалыптастыру барысында интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігін арттыру керек.

- Білім берудегі заманауи технологияларды қолданудың тиімді жолдары арқылы оның мазмұнын, формасы мен әдіс-тәсілдерін анықтау.

- Білім берудегі заманауи технологияларды қолданудың тиімді жолдарын іс-тәжірибе жүзінде жүзеге асыру.

Зерттеу барысында құзыреттілік ұғымының мазмұнын ашатын түсініктемемен таныстық;

-Өзінің ішкі әлеуетін іске асыруға қабілеті мен ынтасы ;

-Практика жүзінде байқалған, білім, іскерлік, тәжірибені іске асыру;

-Өзінің жеке жауапкершілігін түсінуі;

Сонымен, құзыреттілік дегеніміз-оқыту үрдісінде қалыптасқан, білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның қабілеттілігі-деп түсіндіріледі [4].

Құзыреттілік жаңаны меңгерудегі күрделі процесс, креативтілік- адамның ішкі ресурсы, әлеуеті. Құзыреттілік жеке тұлғаның нақты ойлау, жоғары қызығушылықтарға негізделген қасиеті.

Креативтілік факторлары-бұл тұлғалық бағытталу барысындағы шығармашылық іс-әрекет және нәтиже.

Құзыреттілік іс-әрекетке негізделген педагогикалық жағдайлар кәсіби маманның жаңа проблемаларды шешуде шығармашылық ойлауы ізденіске бағыттайды.

Болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастыруда оқытушының жалпы бағыты студенттің көзқарасын, ой пікірін қабылдап, іс-әрекет арқылы сабаққа деген белсенділігін қалыптастырады.

Құзыреттілікті қалыптастыру барысында алынған нәтижелер, мына төмендегідей көрсеткіштерге негіз болады:

1) Білім беру процесінде сапалы өзгерістер;

2) Өзара белсенді қарым-қатынас;

3) Өзін-өзі жетілдіру және бақылау;

4) Зерттеудің мазмұны мен тереңдігін түсіну;

5) Өзіндік мақсатты айқындау [5].

Заманауи білім берудің креативті бағытында оқыту- ізгілік парадигмасы негізінде түсіндірмелі- иллюстративтік технологиялардан өзінің педагогикалық – психологиялық ұйымдастырушылығымен ерекшеленеді. Болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастырудағы басты міндет- білім беру нәтижесіне, оның тұрақтылығына, өлшемдеріне баса назар аударылады.

Құзыреттілікті меңгеру студенттің өзіндік тұжырымы, шығармашылық іс-әрекеттері, танымдық дағдылары арқылы- өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

**Зерттеу нәтижелері.** Оқытудың қазіргі технологиялары еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіруге жол ашты.

Әр сабаққа жаңалық енгізу жұмыс тиімділігін арттырады және шығармашылық тұрғыдан білім алушылардың құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Жағымды психологиялық климат құру- әр сабақтың және жалпылама алғанда бүкіл білім игеру процесінің басты мақсатына негізделіп отыр.

Сондықтан біз құзыреттілік потенциалын дамытуға арналған бірнеше жаттығуларды ұсынып көрейік:

1. Құзыреттілік тесті. Бұл тест студенттерді ізденімпаздыққа, шығармашылыққа негіздейді. Оларға ақ параққа бірдей салынған дөңгелек, найзағай, Т-әріпіне ұқсас, тіктөртбұрыш және төртбұрыш пішінді фигуралар беріледі. Нәтижесінде бір-біріне мүлдем ұқсамайтын бейнелер шығуы тиіс.

Сабақ барысындағы мұндай әдіс түрлері студенттердің креативтілігін, құзыреттілігін жеке қабілеттіктерін, жүйріктілігін, қиялының ұшқырлығын анықтау үшін қолданылады.

2. Жіпшен сурет салу. Сурет салу үшін жіп, бояу және ақ қағаз қажет. Алдымен, жіпті ұнатқан түске бояп, ақ қағаздың үстіне қоямыз. Жіптің ұшы қағаздың шетіне шығып тұруы тиіс. Екінші ақ бетті жібі бар ақ беттің үстіне жауып, жіпті тартамыз. Қорытындысы бойынша неше түрлі әдемі сызықтар, иректер, ерекше дақтар пайда болады. Кейін қалам арқылы түрлі бейнелер жасап шығаруға болады.

3. Шашырату тәсілі. Бұл әдісті қатты қылқаламмен немесе тіс щеткасымен орындаған дұрыс. Қылқаламды немесе щетканы гуашь бояуына батырып, ақ бет қағазға шашыратамыз. Қағаз бетінде ұсақ тамшылар және үлкендеу дақтар пайда болады. Кейін қаламның көмегімен осы дақтар мен тамшылардан белгілі бір бейне жасап салуға болады. Қылқаламға тіс пастасын жағып, көкшіл түсті қағазға шашырату арқылы қардың суретін жасауға болады [6].

4. Монотипия. Бұл сурет салудың ерекше түрі болғандықтан-бұл тәсіл арқылы суреттің көшірмесін аламыз. Сөйтіп, алдымен суретті целлофан бетіне саламыз. Ол үшін жұмсақ қылқалам немесе басына мақта оралған шырпы таяқшасы қолданылады. Қылқалам немесе шырпы таяқшасы болмаған жағдайда саусақпен де салуға болады. Бұл тәсілде сурет ағып кетпес үшін қанық түсті әрі қою бояулар қолданылады. Целлофан бетіне сурет салынып болғаннан кейін бояу кеуіп кетпей тұрып, целлофанды ақырын ақ бет қағазға аударып жабамыз. Кейін суретті жағып алмай целлофанды алып тастаймыз. Осы арқылы біреуі қағаз бетінде ал біреуі целлофан бетінде екі бірдей сурет пайда болады.

5. «Шығармашылық қоқыспен жұмыс» арттерапиялық жаттығуы.

Жаттығуды орындау үшін жәшіктерде жиналған, лақтыруға қия салатын, бірақ құндылығын жоғалтқан заттардың барлығы да керек: қағаздар, мата, фантик, қыстырғы, лента, ескі күнтізбелер мен ашық хаттар, кеуіп қалған фломастерлер және т.б. Алдымызға бұл «байлықтарды» шашып тастап, ескімен ассоциация болатынын, баяғыда-ақ жібере салатынын ашумен, ренішпен жібере салатынын іріктеп аламыз. Содан кейін материалдардан ортақ композиция жасау керек. Ең бастысы – асықпай, өз қалауындай жасау керек. Талдауға аяқталған соң кірісуге болады. Міндетті түрде әр белгіге бағасыз тәжірибе мен өмірлік сабақтар үшін рахмет айтыңыз. Бұрын жаныңызда болған әр адамға рахмет айтыңыз, ал жұмыспен қош айтысып, реті келсе өртеп жіберіңіз.

6. «Аяқталмаған сөйлем» жаттығуы.

Құзыретті болуы үшін...

Құзыреттілік ең алдымен...

Құзыретті адамға тән қасиеттер...

Құзыретті болып тумайды, қалыптасады, өйткені...

Құзыреттіліктің маңыздылығы...

7. «Өзін-өзі жүзеге асырудың қажеттілігі» әдісі. Болашақ маманның рухани даму мен кемелдену, оның жаңа жолдарын іздеу, ізгілікке ұмтылу, басқаларға жақсылық жасау, өзін-өзі және әлемді жақсартудың күнделікті қажеттілігін қалыптастыру. Адам өзінің бүгінгі ахуалынан асып кеткісі келіп, үнемі кемелденудің жолдарын іздейді. Бірінші кезекте студенттер жеке-жеке А.Маслоудың қажеттіліктер баспалдағын негізге ала отырып, өздерінің жаңаша тұрғыдан идеяларын қосып, «Өзін-өзі жүзеге асырудың қажеттілігі» деген тақырыпқа модель құрастыруы қажет.

**Ғылыми нәтижелерді талқылау.** Мұғалімнің шеберлігі, студенттің ой-өрісін дамытады, оның міндеттердің шешімін табуына қолайлы жағдай жасау арқылы сабақта студенттің кәсіби құзыреттілігін дамытады.

Оқыту үдерісінде педагогикалық-психологиялық міндеттердің шешімін табу арқылы жүзеге асырылады, ол мынандай компоненттерден тұрады:

- оқу мазмұнының шығармашылық, креативтілік бағытынтаңдауға мүмкіндік беретін оқытушы мен студенттің еркіндігіне психологиялық жағдай жасау;

- іс-әрекеттегі әдістердің сапалы өзгеруі және оқу әрекетіне қызығушылықпен кірісу, белсенді қарым-қатынасын қамтамасыз ету;

- жеке тұлғалық өзін-өзі жетілдіруде бағалау, реттеу механизмдерін жүзеге асыру;

- студенттердің құзыреттілігін қалыптастыруда олардың үлгеріміндегі психологиялық сипаттамалардың маңызы;

- студенттерді оқыту барысында педагогикалық ғылымның қорытындыларын басшылыққа алады;

- студенттің басқа студенттермен, оқытушымен қарым-қатынасына, аудиторияда гармоникалық атмосфераны құру жағдайларына көп көңіл бөлуі.

Құзыреттілікке негізделген оқыту тәсілдерін енгізудің нәтижесі-студенттердің оқу процессіне жоғары дәрежеде қатысуы және олардың шығармашылық әлеуетін, креативтілік, интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту болып табылады [7].

Кәсіби маманның құзыреттілігін қалыптастыру арқылы студенттердің пәнге қызығушылығын арттыру, ізденуін, таным деңгейін жоғарылату, педагог шеберлігінің меңгеріп, басты мақсаттарға жетеді.

**Қорытынды.** Кәсіби іс-әрекет саласын түсіну студенттің оқу сапасы мен өзіндік дара шығармашылығын дамытуға бағытталған білімдерге негізделеді. Мысалы, болашақ әлеуметтік педагогтар, психологтар әр түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарына, тренингтік декадаларға, жоғары оқу орнынан тыс практикалық жұмыстарға (кәмелетке толмаған ауытқуы бар балалармен волонтерлік, шылым шегу, есіркіге қарсы акцияларға) қатысады. Мұндай жұмыстар болашақ мамандыққа икемділікті анықтай отырып, сол мамандықтың ішкі механизмдері мен заңдылықтарын танып білуге мүмкіндік береді. Яғни, адамның іс-әрекетке икемділігі практикада байқалады.

Құзыреттілік-бастамашылыққа тән маңызды қасиеттердің бірі. Бұл қызметтің жаңа түрлеріне ішкі ояту, кез-келген іс-әрекеттегі жетекші рөл, шығармашылықты қамтиды. Болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастыру барысында бірнеше педагогикалық-психологиялық жаттығулар, тесттермер жұмыс жүргізілді.

Кәсіби практикалар студенттердің болашақ мамандығы бойынша терең теориялық білімдерінің болуымен қатар, сол білімдерін практикада қолдана білуін талап етеді, өзінің мамандығы бойынша талаптарды, міндеттерді және оған сәйкес көзқарастарды, пікірлерді, нұсқауларды барынша шығармашылықпен орындауға жаттықтырады. Болашақ маман өзінің таңдаған мамандығына икемділігін кәсіптік практикалар кезінде шыңдап, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, ізденімпаздық, шығармашылық салаларында өзін көрсете алады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Сындрлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі / Мемлекет басшысының ҚР халқына Жолдауы, 02.09.2019 [Электронды ресурс]. - [https://nauka.kz/page.php?page\\_id=753&lang=2](https://nauka.kz/page.php?page_id=753&lang=2).
2. Таубаева, Ш.Т. Педагогика [Мәтін] / Ш.Т. Таубаева, С.Т. Иманбаева, А.Е. Берикханова. – Алматы, 2017. - 280 б.
3. Истрофилова, О.И. Инновационные процессы об образовании [Текст]: учебно-методическое пособие / О.И. Истрофилова. - Нижневартовск, 2014. - 133 с.
4. Лукьянова, М.И. Психолого-педагогическая компетентность учителя [Текст] / М.И. Лукьянова. – М.: ТЦ Сфера, 2008. – 208 с.
5. Симен-Северская, О.В. Формирование педагогической компетентности специалиста социальной работы в процессе профессиональной подготовки в вузе [Текст]: Автореф. дисс... канд.пед. наук. - Ставрополь, 2002. - 22 с.
6. Әлімов, А.Интербелсенді әдістемелік ЖОО-да қолдану мәселелері [Мәтін]:оқу құралы / А.Әлімов.–Алматы, 2013. – 245 б.
7. Омарова, Р.С. Шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру технологиясы [Мәтін]: оқу әдістемелік құралы / Р.С. Омарова. – Ақтөбе, 2007. – 220 б.

*Материал редакцияға 17.03.21 түсті.*

**П.М. Махашова, Ш.Т. Турдалиева, Д.К. Қазыкеев**

*Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан*

#### ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ПРОФЕССИОНАЛА

**Аннотация.** Цель исследования формирование креативной личности, будущего специалиста, обладающего духовным потенциалом, компетенциями, творчеством, высокими интеллектуальными способностями.

В статье акцентировано внимание на самореализацию творческой компетентности - основанной на парадигме развития организационных способностей, условий исследования, совершенствования интерактивных методов.

Эффективность творческой работы активизируется в процессе применения практикоориентированных, поисковых работ, направленных на развитие интеллектуальных, креативных способностей студентов.

Научная новизна: выполнение рекомендованных упражнений направлено на развитие компетентного потенциала, повышение активности, определения самостоятельных целей развития. Применение дополнительных информационно мультимедийных, электронных учебников, использование инноваций на уроке, направлено на повышение эффективности работы, создание гармоничной атмосферы в аудитории.

**Ключевые слова:** мультимедиа, электронные учебники, виртуальный, парадигма, интерактивные методы, креативность, компетенция.

P.M. Makhashova, T. Turdalieva. D.K. Kazykeyev

*Taraz Regional University named after M.H.Dulaty. Taraz, Kazakhstan*

#### FEATURES OF THE FORMATION OF COMPETENCE OF FUTURE PROFESSIONAL

**Abstract.** The purpose of the study is the formation of a creative personality, a future specialist with spiritual potential, competencies, creativity, high intellectual abilities.

The article focuses on the self-realization of creative competence, based on the paradigm of the development of organizational abilities, research conditions, improvement of interactive methods.

The effectiveness of creative work is activated in the process of applying practice-oriented, search work aimed at developing the intellectual, creative abilities of students.

Scientific novelty: the implementation of the recommended exercises is aimed at developing competence potential, increasing activity, identifying independent development goals. The use of additional informational multimedia, electronic textbooks, the use of innovations in the classroom, is aimed at increasing work efficiency, creating a harmonious atmosphere in the classroom.

**Keywords:** Multimedia, electronic textbooks, virtual, paradigm, interactive methods, creativity, competence.

#### References

1. "Syndarly qoǵamdyq dialog-Qazaqstannyń turaqtylyǵy men órkendeýiniń negizi" [Constructive public dialogue is the basis of stability and prosperity in Kazakhstan] / "On measures to implement the President's Address to the people of Kazakhstan. 02.09.2019. - Access mode: [https://nauka.kz/page.php?page\\_id=753&lang=2](https://nauka.kz/page.php?page_id=753&lang=2). [in Kazakh].
2. Taubaeva, Sh.T. Imanbaeva, S.T. Berikhanova, A.E. Pedagogika [Pedagogy]. – Almaty, 2017. P. 280. [in Kazakh].
3. Istrofilova, O.I. Innovacionnye processy ob obrazovanii [Innovation Processes at School] / Educational and methodical manual. - Nizhnevartovsk, 2014. P.133.[in Russian].
4. Lukyanova M.I. Psihologo-pedagogicheskaya kompetentnost' uchitelya [Psychological and pedagogical competence of a teacher]. –Moscow, 2008. P. 208. [in Russian].
5. Simen-Severskaya, O.V. Formirovanie pedagogicheskoy kompetentnosti specialista social'noj raboty v processe professional'noj podgotovki v vuzе [Formation of pedagogical competence of a specialist in social work in the process of vocational training at a university] Author's abstract. thesis. Cand. ped. science. -Stavropol, 2002 .22 p. [in Russian].
6. Alimov, A. Interbelsendi ádistemeni JOO-da qoldaný máseleleri [Problems of using interactive methods in higher education] / Textbook. – Almaty, 2013. 243 p. [in Kazakh].
7. Omarova, R.S. Shyǵarmashylyq qyzyǵshylyqty qalyptastyryń tehnologiasy [Technology of formation of creative interest] / Textbook. – Aktobe, 2007. 220 p. [in Kazakh].